

ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ

Қазақстанда "Өрекет" гранттар байқауы жарияланды. Байқауға елдегі әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға ниет білдірген барлық коммерциялық емес ұйымдар қатыса алады. Қатысушылар білім беру бағдарламасын өту мүмкіндігі үшін бәсекеге түсіп, нәтижесінде үш миллион теңгеге дейін грант ала алады. Өтінімдерді қабылдау 2021 жылдың 17 қыркүйегіне дейін жалғасады.

Жоба "Самұрық-Қазына" АҚ-ы компаниялар тобының атынан "Samruk-Kazyna Trust" әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бастамасымен бүкіл ел аумағында жүзеге асырылуда. Өтінімді қордың сайтында қалдыруға болады: www.sk-trust.kz/ru/competition. Байқаудың бірінші кезеңінде тілек білдірушілердің өтінімдері жиналады, содан кейін комиссия олардың байқау шарттарына сәйкестігін тексереді.

Екінші кезеңде қатысушылар әлеуметтік кәсіпкерлік, маркетинг, қаржы және бизнестің заңдық аспектілері саласында "Инкубатор" немесе "Акселератор" оқыту бағдарламаларының бірінен өтеді. Оқыту онлайн жүргізіледі. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша финалистер анықталып, олар өздерінің әлеуметтік жобаларын конкурстық комиссияға ұсынатын болады. Жоба жеңімпаздары желтоқсан айында жарияланады.

«ӨРЕКЕТ»

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҰ ҮШІН ГРАНТТАР БАЙҚАУЫ

17 қыркүйекке дейін өтінім беріп үлгеріңіз

Үш миллион теңгеге дейінгі гранттар және білім беру бағдарламасы

www.sk-trust.kz



рияланады.

"Өрекет" жобасы жүзеге асырыла бастаған сәттен бастап, үш жыл ішінде 120-дан астам ұйым жарты миллионнан үш миллион теңгеге дейін грантқа ие болды. Жоба көмегімен көптеген коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысты.

Сұрақтар туындаған жағдайда, коммерциялық емес ұйымдар 705 376 40 00 телефоны (WhatsApp арқылы сұрақтарға жауаптар Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күндері сағат 10.00-ден 18.30-ға дейін жіберіледі) немесе aret.skt@gmail.com электрондық поштасы арқылы байланыса алады.

лефоны (WhatsApp арқылы сұрақтарға жауаптар Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс күндері сағат 10.00-ден 18.30-ға дейін жіберіледі) немесе aret.skt@gmail.com электрондық поштасы арқылы байланыса алады.

"Samruk-Kazyna Trust" әлеуметтік жобаларды дамыту қорының корпоративтік қызметі.

● Mamannyñ keñesi

Құс тұмауы – А типті вирусты жұқпалы ауру. Құстарда инфекция белгісі байқалмайды. Жеңіл басталып, соңы эпидемиялық ахуалға ұласып, өліммен аяқталуы мүмкін. Инфекция ауру құстармен тығыз байланыста болғанда жұғады.

Ауру асқынса, айығу қиын

Бұл инфекцияны құстардың көп түрі қабылдайды. Көбінесе оны суда жүзетін жабайы үйректер таратады. Ал үй құстарынан тауық, күрке тауық, қаз бен үйректер вирусты тез жұқтырып алады. Кейде құс тұмауы адамға да жұғуы мүмкін. Бірақ бүгінге дейін осы вирустың адамнан адамға жұғуы тіркелген емес.

Адамдарда аурудың алғашқы белгісі үш күннің ішінде білінеді. Ауру тұмау белгісіне ұқсас. Дене қызуының көтерілуі, қалтырау, бұлшық еттің ауырсынуы, жөтел және тамақтың ауыруы, кейде конъюнктивит байқалады. Ауру асқынса, тыныс алу жүйесі бұзылып, өкпенің ісінуі, геморрагиялық өкпе қабынуы туындайды. Сонымен қатар қан дұрыс жүрмей, іш өтіп, жүрек айнып, ми ісінеді. Науқасқа кәдімгі тұмаудан емдеу шаралары қолданылады.

Аурудың алдын алу үшін үй құстарын бөлек қамауда ұстау ұсынылады. Әсіресе, құс өсіретін шаруашылықтар сақтық шараларын қатаң ұстануы тиіс. Жаңа түскен құстарды 10 күн оқшаулап, жағдайды бақылауда ұстау керек. Ауру белгілері мен құс өлімі тіркелсе, тез арада мемлекеттік ветеринарлық қызметке хабарлау қажет. Үй құстарын ұстайтын қораларда міндетті санитарлық жағдайда –

зарарсыздандыру шараларын орындау қажет. Құстарды бағуда арнайы киім мен аяқ киімдерді қолдану, оларды тазалап, жуып отыру маңызды. Сонымен қатар қанаттылар сапалы және қауіпсіз жеммен қоректенуі тиіс. Оларды қоректендіру барысында синантропты құстардың (торғай, көгершіндер) қонына жол бермеу керек. Сонымен қатар құс тұмауы тіркелген елдердегі саябақ, базар, құс фермаларына бармауды ұсынамыз. Шет елдік туристік сапарлардан экзотикалық құстарды әкелмеу керек. Құс тұмауы эпидемиясы тіркелген аумақтарда құс еті мен жұмыртқаны рұқсат етілмеген орындардан сатып алмау қажет. Бөтелкедегі немесе қайнаған суды пайдаланған жөн. Қолды жиі жуу, бетперде кию, біреттік ылғалды майлықтарды қолдану ұсынылады. Тұмаудан, соның ішінде құс тұмауынан қорғанудың оңтайлы әдісі – өкпе алу. Аурудың алғашқы белгілері білінген жағдайда, дереу дәрігердің көмегіне жүгініп, дер кезінде ем алу қажет. Себебі ауру асқынса, айығу қиын.

Толқын ҚАЖЕНОВА, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бас маманы.

● Naşaqorlyq – näubet

Есірткімен қолға түсті

Облыстық есірткіге қарсы күрес басқармасының қызметкерлері жуырда Петропавл қаласының Абай көшесінде күдікке ілінген 34 жастағы азаматтың қолына кісен салды. Жедел іс-шара барысында одан есірткі табылды. Аталған факті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілді. Сот-химиялық зерттеу қорытындысына сәйкес, тәркіленген заттың жалпы салмағы 1,9 кг.

гашиш болып шықты. Сондай-ақ күдіктінің көлігін тінту барысында одан 971 мың теңге ақша алынды. Қазіргі уақытта ұсталған адамға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды.

Игорь МЕРЦАЛОВ, облыстық полиция департаменті ішкі және сыртқы коммуникациялар бөлімінің жетекші маманы.

Конкурс жарияланды

"М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесінің бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. "М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының мекенжайы: Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 86.

Қызметтің негізгі мәні – жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту мен әзірлемелерді коммерциализациялау үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы, мүмкіндігінше шетелдік ЖООКБҰ-да алған білім, тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс етілі немесе конкурстық лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде бес жыл жұмыс етілі. Конкурсқа қатысуға мыналар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген үлгі бойынша 3x4 см үлгідегі түрлі-түсті сурет пен конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) білім туралы құжаттардың және салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, оларға қосымшалардың көшірмелері;
- 5) жұмыс орны (қолданыстағы немесе соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) №075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби кеңестің қорытындысы);
- 7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес психоневрологиялық ұйымнан берілген құжаттар (ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама);
- 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес наркологиялық ұйымнан берілген құжаттар (ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама);
- 9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқ екенін растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда конкурсқа қатысушылар 6,7 және 8-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 86, 2 корпус мекенжайы бойынша "М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" КЕАҚ-ның корпоративтік хатшысына тапсыру қажет (426 кабинет, телефоны: +7775122629).

Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектептің ұжымы мен бастауыш ардагерлер ұйымы ардагер ұстаз Сәуле Сәкенқызы ЖАҚУБЕКОВАНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

● Jer-jahan

ЖЕКЕ РЕЙСКЕ РҰҚСАТ

"Талибан" қозғалысының өкілдері АҚШ-тың эвакуациясы аяқталғаннан кейін Ауғанстанда қалып қойған америкалықтар мен үшінші елдердің азаматтарына Кабул әуежайынан жеке рейспен ұшып кетуге рұқсат етті. Бұл күні ұшаққа екі жүзге жуық адам мінген. Бірер күн бұрын АҚШ-тың мемлекеттік департаменті тәліптермен осы мәселе бойынша келіссөздер бастағаны белгілі болды. Вашингтон өз азаматтарын Ауғанстаннан эвакуациялау жұмыстарын 31 тамызда аяқтаған еді. Америкалықтармен бірге АҚШ үкіметіне жұмыс істеген жергілікті тұрғындар да елден кету мүмкіндігіне ие болған.

БОСҚЫНДАРДАН ҚОРҒАЙТЫН ҚОРШАУ

Чехия билігі Литваға 530 мың еуро бөлмек. Бұл қаражат шекарадағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсалады. Атап айтқанда, Беларусьпен арадағы шекараға қоршау салынады. Биыл Литваға дәл осы мемлекет арқылы төрт мыңнан аса мигрант келген. Көбі – Ирак азаматтары. Енді литвалықтар заңсыз босқындардан қорғану үшін келесі жылдың күзіне дейін қоршау құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. 500 шақырымдық қорған салу жұмысына 152 миллион еуро бөлінуі тиіс. Босқындар легіне байланысты Польша Беларусьпен арадағы шекарасында бір айға төтенше жағдай жариялады.

ҚҰНЫН ЖОҒАЛТПАҒАН КӨЛІКТЕР



Әр екі жыл сайын Франкфурт қаласында өткізілетін автошоу биыл Мюнхенде ұйымдастырылып отыр. Көрмеге неміс алпауыттарының су жаңа жоғары технологиялық көліктерімен қатар, көне классикалық және спорттық қарлар да қойылған. Бағзы заманда аз тиражбен шығарылып, қазір тек коллекционерлердің иелігінен кездестіретін көне көліктерге арнайы бұрыш ашылған. Кейбірін сатып алуға да болады. Мысалы, 1957 жылғы "Мерседес" жеңіл көлігі 1 миллион 150 мың еуро тұрады. Көрмеде Голливуд киноларында қолданылған көліктер мен көпшілікке танымал тұлғалардың темір тұлпарларын да тамашалауға болады. Олардың арасынан әйгілі "Форсаж" фильмінде түсірілген "Ниссан Скайлайнды" да көре аласыз. Ал 1970 жылы шығарылған "Ролс-Ройсты" әйгілі боксшы Мұхаммед Әли мінген.

(Ғаламтор материалдарының негізінде әзірленді).